ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

18 қазан 2023 жыл №2713-23-00-2/2345 Орал каласы

Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.М.Кадырова
азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

ТАЛАП КОЮШЫ:
«Батыс Қазақстан облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының Жалпақтал арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Барбарис» Раймкулов Батыржан Бегайдарулы жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Батыс Қазақстан облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының Жалпақтал арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Барбарис» Раймкулов Батыржан Бегайдарулы жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Барбарис» Раймкулов Батыржан Бегайдарулы жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Барбарис» Раймкулов Батыржан Бегайдарулы жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Сот шешіміне осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына берілуі мүмкін.

Судья **Кадырова А.М.**

Құжатқа қол қойылған: Кадырова А. М., 18.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 28.11.2023, судья Кадырова А. М., 05.12.2023

2713-23-3-1/2547